

Приложение 80
к приказу Министра образования
и науки Республики Казахстан
от 27 июля 2017 года № 352

Приложение 298
к приказу Министра образования
и науки Республики Казахстан
от 3 апреля 2013 года №115

**Типовая учебная программа по учебному предмету
«Чтение и развитие речи» для обучающихся с легкой умственной
отсталостью 2 - 4 классов уровня начального образования
(с казахским языком обучения) по обновленному содержанию**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы әр пән бойынша білім алушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдының мазмұны мен көлемін анықтайтын нормативтік-оқу құжаты болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға оқу процесін бағыттайды, ол білім алушылардың пән бойынша білім алып және дағдыларды меңгеруге, оқу әрекеттерін меңгеруде білім алушылардың дербестігін дамытуға, әлеуметтік мәдени ортада бағдарлау икемін қалыптастыруға септігін тигізеді.

4. Оқу бағдарламасында заманауи мектептегі білім беру процесін ұйымдастыруға арналған инновациялық педагогикалық жолдарын сипаттайтын оқу-нормативті құжаттың дәстүрлі түрі үйлесім тапқан.

5. Білім берудің классикалық негізі ретінде құнды-бағдарлы, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, коммуникативті жолдары оқу мақсаттары жүйесінің басымдылығын және білім беру процесінің нәтижесін нығайту үшін қолданған және ол жаңа оқу бағдарламасының құрылымында көрініс тапқан.

6. Білім беру процесінің заманауи деңгейінде негізгі талаптардың бірі білім алушылардың өздігінен білім табудағы белсенді әрекетін ұйымдастыру. Бұл пән бойынша білім алуға, әлеуметтік және коммуникативті дағдыларды, тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға септігін тигізеді, өйткені олар өз

қызығушылығын, болашағын сезінуге және тиімді шешім қабылдауға септігін тигізеді. Білім алушылардың белсенді танымдық әрекеті мұғалімнің қолдауымен және серіктес, кеңесші ретінде шығармашылық бірлесу жағдайында нығая түседі.

7. Тұлғалық-бағдарлы білім берудің осы сипатының нығаюы оқу процесінің барлық қатысушыларының ынтымақтастығының бастамасы болып, түрлі оқытудың интерактивті әдістерін қолданғанда қарым-қатынас орнатқанда басымдылықты жібермейді.

8. Білім беру процесін ұйымдастыруға арналған барлық инновациялық ықпалдар білімдермен, идеялармен, іс-әрекет тәсілдерімен белсенді алмасуды болжайтын оқытуды шынайы шығармашылық процестегі білім алушылардың қарым-қатынас моделіне айналдырады.

9. «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқу бағдарламасы аймақтық материалды қолдануға бағытталуы арқылы білім алушының танымдық және әлеуметтік белсенділігін арттырады (нысандар, мекемелер, ақпарат көздері). Пәнді оқыту мақсатына жету үшін іске асатын тәрбиелік мәні бар жобалар ата-аналар, жергілікті қауымдастықтардың қатысуымен ұйымдастырыла алады.

10. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болатын күтілетін нәтиже оқытудың мақсаттық жүйесінде берілген. Оқу бағдарламасы мазмұны жағынан өз оқуының және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде білім алушы тәрбиесіне пәннің қосар үлесі.

11. Пән бойынша білім беру процесінің күнделікті мазмұны оқу мақсатына тәуелді және білім алушылардың алған білім, икем, дағдыларын өмірде кездесетін түрлі жағдайларда пайдалануға дайындығын қалыптастыру.

12. Тұлғалық қасиеттерінің дамуы кең ауқымды икемдермен үйлесімде білім алушыларға білім берудің негізгі құндылықтарын меңгертудің негізі болып табылады: «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «сыйластық», «ынтымақтастық», «еңбек және шығармашылық», «жариялық», «өмір бойы білім оқу». Осы құндылықтар білім алушылардың күнделікті әрекетін және оның тәртібіне түрткі болатын нақты тұлғалық бағдарлары болмақ.

2-тарау. «Оқу және тіл дамыту» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

13. Оқу және тіл дамыту сабақтары жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған арнайы мектептің оқу-тәрбие процесінде ерекше маңызды. Бұл пәннің мазмұны білім алушылардың адамгершілік, эстетикалық және экологиялық тәрбиесінің құралы.

14. Осы сабақтарда білім алушылар туған жердің табиғатын сезінеді, Қазақстан тарихымен танысады, балалар мен ересек адамдардың түрлі әрекеттерімен танысып, оларға баға беруді үйренеді. Шығарманың тәрбиелік әсері оның эмоциялық көрсеткішіне, оны мұғалімнің білім алушыларға жеткізе

алуына, нақты сезінумен байланыстыруына тәуелді.

15. Сабақ мазмұны білім алушылардың жалпы дамуына, сондай-ақ, дамуындағы ауытқуларды еңсеруге бағыттаған. Білім алушылардың дыбыс шығаруларын жетілдіруге, қоршаған орта туралы түсініктерін және сөздіктерін кеңейтуге, байланыстыра сөйлеу тілін, қиялын, есте сақтау және зейін, ойлау операцияларын дамытуға мүмкіндігі бар.

16. «Оқу және тіл дамыту» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың түсінуіне қолжетімді мәтіндерді дауыстап және «іштей» оқуы, оқығанын түсіне қабылдау, байланыстыра сөйлеуді дамыту және білім алушылардың коммуникативтік икемдері.

17. Оқу және тіл дамыту пәнінің міндеттері:

1) білім алушыларда сөздердің дыбыстық құрылымын бұзбай екпінін дұрыс қоюды сақтап мәтіндерді дұрыс оқуды қалыптастыру;

2) түсінуге қолжетімді шығармаларды мәнерлеп оқу тәсілдерін меңгеруге ықпал ету;

3) білім алушылардың оқығанын түсінуін қамтамасыз ететін ойлау процестерінің қарқынына сәйкес шапшаң, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру.

18. Арнайы мектептің бастауыш сыныбында аталған пән түсіндіре оқыту сабақтары ретінде ұйымдастырылады. Түсіндіре оқыту - үзілістер мен интонацияларды ескеру, логикалық екпін, қаратпа сөйлеу интонациясын сақтау. Мәтіннің мазмұнын қарастыруға көп көңіл бөлінеді, түсініктер ашылып, нақтыланады, жеке сөздердің мағыналары анықталады. Кейіпкерлердің мінезі мен сөйлеуіне көңіл бөлінеді. Мазмұнын қарастырып, білмейтін сөздерді түсіндіргенде суреттер, заттар, үлгілері, муляждар, макеттер, кинофильмдер және басқа да көрнекті құралдар қолданылады.

19. Түсіндіре оқыту сабақтарында мәтінді және оның бөлшектерін қайталап оқу маңызды орын алады.

20. Білім алушыларда оқу техникасы жетіліп, шығармашылықты сараптау дағдылары, кейіпкерлердің әрекеттері және байланысты себептері түсіндіріледі. Сараптаудың қолжетімділігі білім алушылардың өмірі мен тәжрибесімен байланыстыра нақты тақырыптарға сәйкес материалдарды топтастырумен қамтамасыз етіледі. Ол маусымдық табиғат құбылыстары, рухани-адамгершілік мәселелер («Жақсы деген немене?», «Тату отбасы», «Біздің отанымыз»). Материалдың осылай орналасуы шығарманы талдағанда табиғаттағы маусымдық өзгерістерді, мектептегі және сыныптағы іс-шаралар, адамдардың әрекеттерін бақылап тірек етуге мүмкіндік береді.

21. Оқығанды түсіну шығарманы жанр бойынша арнайы талдау арқылы жүзеге асырылады. Оқу үшін көлемі жағынан аз шығармалар ұсынылады: шағын көлемдегі сюжеті бойынша түсінікті әңгімелер, ертегілер, тақпақтар, мысалдар, мақалдар, жұмбақтар. Көркем әдебиет шығармаларынан басқа «Айналамен таныстыру» оқу пәнінің бағдарламасының тақырыбына сәйкес білім алушылар ғылыми-танымдық мақалалар оқиды.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

22. Оқу және тіл дамыту бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық жолдары білім алушыларды оқытудағы ерекше талаптарды қанағаттандыруды жүзеге асыратын арнайы педагогика ұстанымдарына негізделген.

23. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзете-дамыта бағытталу ұстанымы оқу және оқыту әрекеттерін арнайы әдістерімен қамтамасыз етеді. Ойлау процесінің баяулығы, танымдық белсенділіктің төмендігі, ойлау әрекетін қорытындылау және абстракциялаудың әлсіздігі, сөйлеу тілінің кешеуілдеуі ескеріледі. Білім алушылармен жұмыс жасағанда олардың еліктеушілік қабілеттері, көрнекті-әрекеттік ойлау мүмкіндіктерінің сақталуы тірекке алынады. Оқуға үйрету білім алушылардың қабылдау, есте сақтау, сөйлеу, ойлау сияқты психикалық функцияларының дамуына жағдай жасалады. Бастаған жұмысын соңына жеткізуге, қолжетімді қиындықтарды еңсеруге, ұқыптылық және дербестік танытуға мүмкіндік туындайды.

24. Оқытудың әлеуметтік-бейімделуге бағытталу ұстанымы тұлғаның әлеуметтік кері бейімделуін азайту немесе еңсеруді меңзейді. Білім алушының әлеуметтік өмірге араласуына қажетті тәртіп нормаларын, қарапайым тазалық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап күрделі әлеуметтік дағдылармен, көзқарасы, ұстанымдарымен аяқталатын дағдыларды меңгеруге арналған арнайы жұмыс жүргізу көзделген.

25. Білім алу ретінде ойлауды, тілді және қарым-қатынасты дамыту ұстанымы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сөйлеу тілі, ойлау, қарым-қатынасқа түсуінің дамуында, мүмкіндігінше әр нақты жағдайда оқу мен әлеуметтенуінің сәттілігін қамтамасыз ететін педагогикалық құралдармен орын толықтыруы қажет мәселелер орын алады.

26. Арнайы мектеп жағдайында оқытудың негізгі ұстанымдарының бірі болып табылатын коммуникациялық бағытталу ұстанымы:

1) сөйлеу тілінің дамымауы, сөйлеуге ынталандырудың төмендігі ақыл-ойы кешеуілдеген білім алушылардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа түсуінде қиындық туындатады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сөйлеу тілін дамытуға мақсатты бағытталған түзету жұмысы ойын толық жеткізу дағдысын дамытуға, диалогты дұрыс жүргізуге және монологтік сөйлеу құру икемін дамытуға әкеледі;

2) коммуникативті бағытталу ұстанымы білім алушыларды оқытуда сөйлеу тілінің әр түрінде (фонетика, морфология, синтаксис) айту ғана емес, сондай-ақ сөйлеу тілінде түрлі тіл санаттарын практикалық түрінде қолдану дағдысын қалыптастыруды меңзейді. Осыларды меңгеру нәтижесінде білім алушылар бірнеше лингвистикалық ақпаратты сезіну мүмкіндігіне ие болады, орфографиялық ережелерді меңгеріп қолдану және коммуникативті мақсатта

сөйлесуді еркін пайдалануды меңзейді;

3) коммуникативті бағытталу ұстанымын жүзеге асыру оқу процесін сөздік жаттығулармен байытуды меңзейді. Оларға жататын: сұрақтарға жауап беру; диалогты сәйкес интонациямен оқу, берілген жағдайдың негізінде үлгі бойынша диалог құру; мазмұндау; жүргізіліп жатқан жұмыс бойынша пікір алмасу; кинотуындыларды талқылау; рөлдік ойындар. Осындай тапсырмаларды орындау нәтижесінде алынған сөйлеу тілі материалы лингвистикалық міндеттерді шешу үшін грамматика және көркем жазу сабақтарында, экстралингвистикалық, ақпаратты міндеттерді шешу үшін сөйлеу тілін дамыту және әдебиет сабақтарында қолданылады.

27. Іс-әрекеттік ұстанымы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесінде мұғалімнің басқаруымен заттық-практикалық әрекет кең қолданып, оқу материалы маңыздылығын сезінуге жағдай жасайды. Заттық-практикалық әрекет жоғарғы психикалық функциялардың (қабылдау, сөйлеу, ойлау) сенсомоторлы негізін дамытуға, білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жетіспеушілігін толықтап, жалпы білім беру пәндері бойынша білім, білік және дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

28. Дифференциалды және жеке дара жолы ұстанымы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың ұжымдық оқыту процесі жағдайында дифференциалды жолы олардың вариативті типтік ерекшеліктерінен туындайды, олар оқу материалын меңгеруден алынған білім, икем және дағдылардың сапасына әсер етеді. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған арнайы мектепте және сыныпта оқу процесі 4 типологиялық топтан тұратын педагогикалық бөлу негізінде жүзеге асырылады (В.В. Воронкова бойынша). Әр типологиялық топқа білім алушылардың мүмкіндігіне сәйкес мұғалім қолжетімді қиын және көлемді оқу материалының мазмұнын таңдайды. Оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербес орындауы, оқыту әдісі және тәсілдері ауысып отырады. Білім алушыларды топқа бөлу шартты және ауыспалы. Дифференциалды жол оқытудың жекелеуімен толықталады.

29. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік ұстанымы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың дербес оқу-танымдық әрекеті, әсіресе 3 және 4 типтік топтарда қиындық туындауы немесе болмайды, сондай жағдайда оқу тапсырмасын сәтті орындауын қамтамасыз ету үшін мұғалім білім алушының дамымаған компонентінің жұмысын өзі атқарады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жалпы даму заңдылықтарын, сыныптағы әр білім алушының танымдық мүмкіндіктерін, оқуға үйретудің арнайы әдістемесін білетін арнайы мұғалім білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырып бағыттайды.

30. Ақыл-ой кемістігі бар кіші мектеп жасындағы білім алушыларды оқыту оларды әрі қарай оқытып дамытуға бағытталған. Басқа пәндерді бірінші және екінші оқыту сатысында білім алушылардың оқу икемдерінің қалыптасуына тікелей байлынасты.

31. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқуға үйреткенде қиындықтарға тап болады, оқу дағдысының қалыптасуының сапалы өзгешеліктері бар. Өзгешеліктер сауат ашу кезеңінде орын алады: білім алушылар әріптерді баяу еске сақтайды, жазылуы ұқсас әріптерді шатастырады, дыбыс пен әріпті тез сәйкестендіре алмайды, әріптеп оқудан буындап оқуға тез көше алмайды, сөздің дыбыстық құрылымын дұрыс айтпайды, оқыған сөздерін затпен, әрекетпен, сипатымен сәйкестендіргенде қиындықтарға тап болады.

32. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға тән ойлау түрі, әрекеттің бір түріне байлануы оқудың сараптамалық тәсілдерінен біріктіре оқуға көшуінде қиындықтар туындатады (буыннан толық сөздерге). Нәтижесінде буындап оқыған білім алушылар толық сөзбен оқуға тіпті таныс сөздерді толық оқуға қиындықпен өтеді.

33. Шапшаң оқуды дамыту көру қабілетінің шектелуімен қиындайды. Білім алушылар дәл сол кезде көздеп тұрған әріпті (сол буынды) ғана көреді. Білім алушылар ұзақ уақыт ойша толықтыруды қолданбайды, өйткені ол зиятының жетіспеушілігіне тікелей байланысты.

34. Жалпы зиятының жеткіліксіз дамуы және сөйлеу тілінің жеткіліксіз дамуы түсініп оқудың бұзылуына әкеледі. Білім алушылар құбылыстардың байланыстыратын себептерді, олардың бірізділігін қиындықпен орнатады; ересектердің көмегінсіз кейіпкерлер әрекеттерінің ынталануын, шығарманың негізгі ойын түсінбейді. Бұл кемшіліктер шығармада сипатталған нақты деректермен болған жағдайдың ішкі мағынасы сәйкес келмеген кезде ерекше байқалады.

35. Оқығанның мазмұнын бөлшектеп қабылдау әрекет орындары көбейген сайын кейіпкерлермен күрделенеді. Ондай жағдайларда білім алушылар әдетте кейіпкерлердің санын азайтып, бір кейіпкердің әрекетін екінші адамға теңестіреді. Көрнекті-бейнелі ойлаудың бұзылуы әңгімеде сипатталған жағдайды дұрыс немесе толық қабылдамауға әкеледі.

36. Дұрыс оқуды қалыптастырудың ең қолайлы кезеңі 1-3 сыныптар, өйткені ол кезде білім алушылар әріптеп оқудан буындап оқуға, содан кейін толық сөздермен оқуға көшеді. Сол кезеңде олар кішкентай мәтіндер оқиды және мұғалімнің мәтінді дұрыс оқуға аса мән беруге мүмкіндігі бар.

37. Балаларға дұрыс оқу дағдысын үйретудің тиімді тәсілдерінің бірі мәтінді оқуда қиындық туғызатын буын және сөз құрылымын дәл қайталайтын күнделікті арнайы жаттығулар. Мұндай жаттығулардың нақты міндеттері келесі: буындардың және сөздердің көру және сөйлеу қимыл келбетінде байланыс орнату, ұқсас оқу бірліктерін салыстыру, толық оқылған буындар мен сөздерді есте сақтау, сөзді қабылдау және түсінуді бірегей процеске ендіру.

38. Осы сабақта оқуға тиісті мәтінде кездесетін сөздердің буындық құрылымы және толық сөздер жаттығу материалдары болып табылады. Жаттығу түрлерін балалардың оқу дағдысының жалпы дамуына сәйкес, олардың жіберген қателерінің түрі, сабақта меңгерілетін мәтіннің сөздері құрылымына байланысты таңдайды. Осы көрсеткіштер арқылы таңдалған

сөйлемдер мен сөздерді топтастырып келесі жаттығулар түріне енгізуге болады:

1) ұқсас буындар мен сөздерді ажырату:

ла –ра ма – мя;

ло– ро мо – мё;

лу–руму –мю;

2) буындар мен сөздерді ұқсастырып оқу:

ма – мо – му;

са – со – су;

ла – ло – лу. Осы жаттығуларды ұсынғанда, бірдей дауысты дыбыстардан буындардың құрылу ұстанымына мұғалім білім алушылардың назарын аударады, яғни дауысты дыбыстың ғана емес, сол дыбыстар бар буынды айтқанда еріндердің орналасуына көңіл бөледі. Сонымен қатар, ұқсас сөздерді бірнеше рет қайталағанда білім алушылардың жадында олардың көргендегі келбеті сақталады;

3) буындармен сөздерді дайындықпен оқу:

о то сто стол то;

у ту сту;

а рав ра;

4) құрылымдық бөлшектерді қайталағаннан кейін оқудың қай деңгейінде және сөздің буындық құрылымының қиындығына байланысты балалар сөзді буындап немесе толық оқиды. Бағдарлама талаптарына сәйкес 2-сынып білім алушылары сөзде қолжетімді 2 буыннан көп болмаса, буындық құрылымдар кезегін сөзді толық оқумен аяқтайды. Басқа сөздердің барлығын буындап оқиды. 3-сыныпта буындық құрылымды оқу сөзді толық оқумен аяқталады:

ратра трам-вай трамвай;

5) бір-екі әріпте айырмашылығы бар немесе олардың орналасуында айырмашылық бар сөздер:

шаң – шың;

шаң – таң;

ара – ала;

б) мағыналас сөздерді оқу:

орман – ормандар;

кетті-келді;

7) басы бірдей оқылатын, бірақ түбірі басқа сөздер.

39. Бесінші және алтыншы жаттығуларды орындау ақыл-ойы кешеуілдеген білім алушыларға тән сөздің сыртқы көрінісіне бағыттталып оқып, мағынасына мән бермей оқуды ескертеді.

40. Бұндай жаттығуларды орындауға сабақтың қолайлы кезеңі білім алушылардың мәтінді оқудың алдындағы кезі болып табылады. Шығарманың мазмұны мұғалім оқығаннан таныс. Сонымен жаттығуға алынған сөздерді білім алушылар оңай түсінеді, өйткені олар мәтінде кездескен сөздер. Бірінші оқығаннан кейін таңдалған сөздердің ішінен мағынасы белгісіз сөздер немесе

мұғалімнің ойынша білім алушылар мағынасын дұрыс түсінбейтін сөздер анықталады. Бұл жаттығуларға материалдың көлеміне байланысты 4-5 минут уақыт беріледі.

41. Алдын-ала берілетін жаттығуларға ойын қосуға болады, мысалы:

1) «Жоғалған буын»;

2) «Жоғалған әріп». Тақтаға мәтіннен алынған сөздер әріпсіз немесе буынсыз жазылады. Білім алушылар оларды жоғалған әріпті (буын) тауып оқиды. Бұл ойындар сөздерге зейін қоюды талап етеді. Осы ойын әсіресе мәтінде түбірі бір сөздер көп болған кезде пайдалы;

3) «Ең мұқият кім?» Білім алушыларға бір-екі әріпте, олардың санында, орналасуында айырмашылығы бар сөздер ұсынылады (зима - земля, потемнело - потеплело). Әр жұпты оқуға білім алушыларға уақыт беріледі. Білім алушылар қандай жұп сөздерді оқығанын табады;

4) «Құлағына сыбырла». Тақтаға сөздер жазылып жолақтармен жабылады. Жолақтарды кезекпен аз уақытқа алып орнына қайтарады. Білім алушылар қандай сөз оқығанын мұғалімнің құлағына айтады. Сөзді дұрыс оқығандарға ойын жетондары беріледі;

5) «Жылдам лента». Сөздер қағаз жолағына жазылады. Жолақ біртіндеп ашылады. Білім алушылар жылдам оқып сөздерді есте сақтайды (екі-үш сөзден көп емес).

42. Аталған ойын дұрыс оқуды қалыптастыруға, оқу қарқынын арттыруға, сөздерді болжауды дамытуға ықпал етеді.

43. Оқуға машықтану сабақтың басым бөлігін алады. Дұрыс оқуды қалыптастырудың негізгі жолы осы. Бір жұмыстан шаршамас үшін, өйткені (әсіресе кіші мектеп жасында) бір мәтінге бірнеше рет қайтып керек болғанда, мұғалім үнемі тапсырманы өзгертіп отырады. Балалар бірінен кейін бірі оқиды (мәтіннің сөйлемдері кезекпен оқылады), абзацтармен (мұғалім оқитын білім алушыны атайды), эстафетамен (білім алушылар оқитын білім алушыны айтады), тандап оқу. Тандап оқу тәсілі тапсырманы өзгертіп отыруға мүмкіндік береді: білім алушылар мәтіннің үзіндісін иллюстрацияға қарап оқиды («Суретке қара. Әңгімеден осыған сәйкес сөйлемді тап»), мұғалімнің сурағына («Алғашқы қардан кейін орман қандай болады? Осы үзіндіні тағыда оқы»), нақты тапсырмаға («Ертегінің соңғы сөйлемдерін оқып, есте сақта»).

44. Білім алушылардың қайталап оқуы тапсырманың өзгеріп отыруына ғана емес, білім алушылардың жаңа жұмысты орындауда мұғалімнің қызығушылығына байланысты. Актерлік шеберлік (мәнерлік, болып жатқан оқиғаға қызығушылық танытқан адамның ролін ойнау) барлық мұғалімге қажетті қасиет, бірақ жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытатын мұғалімге ерекше маңызды.

45. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыруға білім алушылардың оқуда бірін-бірі бақылауын ұйымдастыру өте маңызды. Сыныптың барлық білім алушылары белсенділік танытқанда білім алушылардың сабақ бойы бір мәтінді дауыстап мұғалімнің сұрауы бойынша, іштей, сыныптастарын бақылап оқуға

қол жеткізуге болады. Бұндай бақылауларды ұйымдастыру үшін түрлі тәсілдер қолдануға болады:

1) мұғалімнің баяу оқуы (мәтін бұған дейін таныс), жолды саусағымен немесе арнайы жолақшамен жүргізіп отырып, білім алушылардың кітаптан қарап отыру мүмкіндігі бар. Мұғалім кез-келген сәтте ойын фишкасын беріп білім алушыларды тексеріп мадақтай алады;

2) құрама оқу, мәтінде бірігіп дауыстап оқитын сөйлемдер белгіленген. Балаларға уақытында дауыстап бірігіп оқуға қосылу міндеті артылады;

3) біріге оқу, мәтінді оқуды мұғалім білім алушылармен бірге бастайды. Содан кейін ол уақытша оқымайды, ал балалар дауыстап топпен оқуды жалғастырады. Бұл оқу ретімен жүреді, сонда мұғалім оқуға кез-келген уақытта қосыла алады;

4) білім алушылар сыныптастарының оқуын бақылау арқылы соңынан қанша және қандай қате жібергенін хабарлайды. Әр білім алушы 1-2 сөйлемнен кем оқымайды, себебі білім алушылар жіберген қателерін ұмытып, мұғалімнен мақтау алу үшін ойдан шығарады.

46. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жылдам оқу дағдысының қалыптасуы – ұзақ мерзімді процесс. Оқудың бұл сапасын меңгеру оқудың төртінші жылынан басталады, өйткені сол уақытта білім алушылар толық сөздерді оқи алады. 2-3 сыныпта өткізген жаттығулар арқылы олардың көру кеңістігі кеңейген. Жылдам оқуды қалыптастыру үшін бастапқыда оқу жаттығуларын қайталайды. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар мектептен тыс уақытта аз оқитындықтан сабақта оқуға берілген мәтінді барлығы оқып, оған бірнеше рет қайта оралып, білім алушылардың мәтінге деген қызығушылығын сабақ бойы қолдап отыру арқылы жұмысты ұйымдастыру маңызды. Сол үшін қайталап оқу барысында тапсырмалар ауысып отырады. Мұғалімнің нұсқауымен абзацпен оқу, эстафетамен оқу, таңдап оқу, оқылған мәтінді ойша немесе шынымен магнитофонға жазу.

47. 4-сыныптан бастап «сөйлеу сергітуі» енгізіледі. 4-5 минут балалар карточкаға жазылған мәтінмен жұмыс жасайды. Мәтіндер бір сыныпқа бірдей бола алады. Әр білім алушыға әртүрлі де бола алады. Мәтінді бірнеше талапты ескере отырып таңдатуға болады:

- 1) мазмұнның қолжетімділігі;
- 2) мәтіндегі сөздермен сөйлемдер құрамының қарапайымдылығы;
- 3) сюжеттің қызық болуы;
- 4) білім алушының мүмкіндігіне сәйкес көлем.

48. «Сергектік» сәтінде жұмыс реті мынадай болуы мүмкін:

1) білім алушылар карточкадан іштей мәтінді оқиды (1 минуттан көп емес), жылдам дауыстап оқуға дайындалады;

2) 1-3 білім алушыны мәтіндерін дауыстап оқуға шығарады. Олар міндетті түрде мұғалімнің берген нұсқауын орындайды;

3) әр білім алушының мәтініне қатысты сыныпқа бір сұрақ қойылады – мұғалім немесе мәтінді оқыған білім алушы.

49. Мәнерлеп оқуды қалыптастыру үшін жұмыстың келесі түрлері мен әдістері қолданылады:

1) дыбыстарды, буындарды, сөздерді, жаңылтпаштарды, тақпақтарды артикуляциялық гимнастика кезінде нақты айту;

2) хормен оқу - дауыс күшінің тепе-теңдігін сақтауды икемін жаттықтыру, мұғалімнің сөйлеу мәнерінің назымен қарқынын көрсету;

3) рөлмен оқу, мәтінді сахналау.

50. 2-4 сыныптарда білім алушылардың оқу техникасын жетілдіретін, шығарманы сараптау, кейіпкерлердің әрекеттерін және оқиғалардың себебін түсіндіру дағдыларын дамытатын сабақтар жүйесінен тұратын түсіндіру сабақтары өтеді.

51. Кіші мектеп жасында ертегі оқуға дайындағанда кейіпкерлерді және олардың әрекеттерін дұрыс қабылдауы үшін білім алушылардың көрнекті-практикалық әрекеттері ұйымдастырылады. Кіші сыныптарда ертегі оқу диафильм көрсетіп, кітаптағы суреттер немесе аппликацияларды қатар көрсете отырып жүреді. Сонда білім алушыларда мәтінмен алғашқы рет танысқанда кейіпкерлер туралы, олардың қарым-қатынасы, сюжеттің даму желісі туралы түсінік пайда болады. Ертегінің мазмұнын айтуға білім алушылар алдыңғы өткізген жұмыс арқылы жақсылап дайындалады. Ертегі мәтінге жақын, оған тән барлық сөздер мен сөз тіркестерін қосып мұқият айтылады. Қысқа ертегі толығымен айтылады, ұзақ ертегі – мұғалімнің тапсырмасымен немесе білім алушылардың таңдауы бойынша бөлшектермен айтылады.

52. Кіші сыныптарда мазмұндауға үйрету үшін мұғалімнің ертегіні оқығанда қолданған суретті жоспарын пайдаланған тиімді. Әр кадрды білім алушылар сөзбен әрлеп отырып диафильмді қайта көруге болады. Бір айтушыны тыңдаған дұрыс емес. Ол білім алушыларды үнемі жалықтырады және әдістемелік тиімсіз. Айтушылар саны әдетте ертегідегі, суреттегі, диафильм кадрларындағы эпизодтар санымен анықталады.

53. Мысалмен жұмыс істеу білім алушыларды адамгершілік тәрбиелеуде маңызы зор, өйткені адамның кейбір жаман қылықтары моральдік тақырыпта ашылмай, жарқын көркем бейнелерде көрініс тапқан. Мысал тілінің мәнері, оны қысқа айту, жатталудағы жеңілдік білім алушылардың сөйлеу тілі дамуына және жеңіл жаттауға қолайлы жағдай туғызады.

54. Арнайы мектепте мысалдарды өту тек 4-сыныптан басталады. Мысалдардың мағынасын түсінуде жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балалар едәуір қиындықтарға тап болады.

55. Осы жанрдың ерекшелігі және бірнеше әдістемелік жұмыстың ерекшеліктерін меңзейді. Мысалдардың мағыналық және пікірлік жағынан қиындығы кейіпкерлер тәртібінің негізін ашатын дайындық жұмысын жүргізуді талап етеді. Мысал тілінің күрделілігін және білім алушыларға түсініксіз мағынасын ескере отырып (ақпарат деңгейінде), мысалды бөлшектеп оқып әр бөлімін сараптап отыруға болады. Мысалдың адамгершілік сипатына қарамастан, сарапқа салынатын оның негізгі мазмұны. Бұл қағида мысал

мәтелден басталған жағдайларда да орынды. Кейіпкерлердің әрекеттерін сараптауда қойылатын сұрақтарды бөліп қою және олардың кезеңділігі балаларды мысалдың негізгі ойын түсініп, сол арқылы маңызын қабылдауға итермелейді.

56. Мысалдың мазмұнын айтудың қажеті жоқ, өйткені оның тілін қайталау мүмкін емес, оны мазмұндағанда білім алушылар оқиғаларды сипаттағандағы мысқыл бояуларын жеткізе алмайды. Мысалды сараптағаннан кейін мәтінді рөлге бөліп оқып, жаттап, сахналайды.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

57. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауға қойылатын талаптар гуманизация ойымен, осы санаттағы білім алушыларды мектепте оқытудың шығу табиғатымен байланысты.

58. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың әдебиет бойынша оқу материалын меңгеруін бағалау нормалары деңгейлік бағалауға негізделген және білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеріп бағалаудың бірідділік жолын жүзеге асыруға бағытталған.

59. Сынып білім алушыларының әдебиет және сөйлеу тілін дамыту процесін жобалағанда мұғалімнің осы бағдарламада берілген күтілетін нәтижеге негізделген деңгейлік мақсатты бағалау білім алушылардың жетістіктерін бағалағанда баллдық жүйе ғана емес, өлшемдік сипаттап бағалауды қолданға мүмкіндік береді.

60. Бағалау құралдары болып деңгейлік бағалаумен анықталған дағдыларды қалыптастыруға көмектескен жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады.

61. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Оқу бағдарламаларын меңгеру нәтижесі білім беру процесінде мұғаліммен сабақ кезінде ғана бағаланады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың педагогикалық процесінің негізі қаланған «Диагностика және түзете-дамыту жұмысының бірлігі» арнайы педагогика ұстанымына сәйкес – ұстаздар жүйелі түрде бақылау бағалау әрекетін жүзеге асырады.

62. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу нәтижесін бағалау ағымды (күнделікті сабақ жоспары), кезеңді (тақырыптық) және қорытынды бақылаулар арқылы жүзеге асырылады.

63. Ағымдағы бақылау сабақтағы әрекетін, практикалық және дербес жұмысын, топтық іс-әрекет түрін бақылау арқылы жүзеге асырылады. Оның нәтижелері күнделікті сабақ жоспарында тіркеледі. Күнделікті бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз етуге мұғалім қолданатын оқыту әдістері мен мазмұнын түзету мақсатында жүргізіледі. Бұндай бақылаудың білім алушыға

қатысты ынталандыру және тәрбиелік мәні бар.

64. Кезеңді бақылау бағдарлама тақырыбын, бөлімін өткеннен кейін өткізіледі. Оның нәтижесі курс бойынша білім алушылардың жетістік карталарында көрсетіледі. Түрлі типологиялық топқа жататын білім алушылардың оқу дағдысын қалыптастыру нәтижесі бірдей болмайтынын мұғалім түсінеді және оған дайын.

65. Қорытынды нәтиже тоқсанның, жылдың соңында өткізіледі. Мұғалім міндетті түрде сыныптағы әр білім алушының жыл бойы оқу дағдысының динамикасын сараптайды.

66. Бақылау нәтижесінде алынған ақпаратты икем және дағдыларды меңгеру кезінде кездесетін қиындықтарға уақытында және дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді. Мұғалім білім алушыларға жеке көмек көрсетудің мазмұны және тәсілін негіздеп анықтау мүмкіндігіне ие болады.

67. Сипаттап бағалау білім алушының нақты даму және оқу деңгейін ғана емес, білім алушымен алдағы уақыттағы жұмыс қадамдарын анықтайды. Тек сипаттап бағалау білім алушылардың өзін-өзі дұрыс бағалауын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Білім алушылардың жетістіктерін бірімен бірін салыстыруға болмайды. Білім алушының жетістіктерін тек өзінің алдыңғы жетістіктерімен салыстыруға болады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу үлгерімі пайызын және білім сапасын анықтау дұрыс емес. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар екінші жылға оқуға қалдырылмайды.

68. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу нәтижесін өлшемдік бағалауды қолдану мұғалімнің бағалау әрекетінің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

5-тарау. «Оқу және тіл дамыту» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

69. «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 2-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 2) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 3) 4-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

70. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін сыныптар санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес тиісті мектеп жабдықтарымен жабдықталады.

71. Әртүрлі формада (жеке, жұппен, топпен) және жұмыс түрлерін (ойындар және белсенді әдістері) өткізу үшін сыныптағы жиһазды еркін ауысады. Кітап сөрелеріне, білім алушылардың жұмыстарын көрмеге қоюға және көрнекті құралдарды орналастыруға арналған тақтайшалар болады.

72. Бағдарламаның жіптік мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым (ауызша сөйлеу тілін және фонематикалық естуді дамыту):

- артикуляциялық жаттығу;
- сөзді дыбыстық талдау;

естілген сөзді қабылдау, естілген сөзден тілдік бірліктерді ажырату (сөйлем, сөз, буын, дыбыс);

естіген мәтіннен қойылған мақсатқа сәйкес ақпарат алу;

диалог құру, сөйлесушінің көзқарасын қабылдау;

сұрақ қою және естіген мәтіннің негізіне жауап құрастыру;

білім алушыларға таныс және қызықтыратын тақырыпқа сөйлем құрастыру;

өз көзқарасы, суреттер, оқығанына ұқсас әңгіме құру;

сөздік бейнелеу/сипаттау;

таныс оқиғаларды, ертегілерді мазмұндау; тақпақтарды жатқа айту;

ақпаратты әңгімелесуші мен тыңдаушыларға жеткізу;

2) оқылым:

оқу әрекетіне қызығушылығын дамыту;

фонемитикалық естуді дамыту; дыбыстық талдау және жиынтықтау дағдыларды жетілдіру;

алфавит әріптерін меңгеру;

оқулық мәтіндерінің материалдарымен дұрыс, буындап оқуды қалыптастыру;

орфографиялық және орфоэпиялық оқуды меңгеру;

әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастыру;

ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту;

кезеңімен толық сөзбен оқуға өту, «іштей» оқуды қалыптастыру;

байланыстыра сөйлеу тілін дамыту (мазмұндау, әңгімелеу);

балалар мазмұны қолжетімді кітаптармен танысу, оқитын кітапты қарастыру, кітаптың, автордың дұрыс аталуы; сұрақтарға жауап: «Кім туралы? Не туралы айтады?»;

3) шығармалардың тақырыптары: балалардың мектептегі өмірі, білім алушылардың міндеттері туралы шағын көлемді әңгімелер; жақсы және жаман қылықтары туралы, достық және жолдастық көмек; отбасы туралы, ересектердің еңбегі туралы; балалардың үй шаруасына араласуы туралы; Отан туралы, Астана туралы, ұлттық мерекелер және елдегі елеулі оқиғалар жайлы; жұмыс мамандықтары, адамдардың еңбекке, табиғатқа, бір-біріне деген көзқарастары туралы; білім алушылардың қоғамға пайдалы еңбегі туралы, түрлі жыл мезгілдерінде жануарлар мен адамдардың өмірінде болатын өзгерістер жайлы. Адамгершілік-этикалық, бейбітшілік және достық тақырыптарына әңгімелер, ертегілер, мақалалар, мақал-мәтелдер.

73. Пән мазмұны оқу бөлімдеріне сәйкес ұйымдастырылған. Бөлімдер икем немесе дағды, білім немесе түсіну ретінде күтілетін нәтиже болып берілген сынып бойынша оқыту мақсаттары бар бөлімшелерге бөлінеді. Әр бөлімшенің ішінде ұйымдастырылған оқыту мақсаттары мұғалімнің жұмысын әрі қарай жоспарлап білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, оларды оқудың келесі кезеңі туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

1-кесте

2 - 4 сыныптар			
№	Сөйлеу түрлері	әрекетінің	Дағдылары
1	Тыңдалым айтылым	және	1.1 Сөздің негізгі бірліктерін қабылдау және жаңғырту
			1.2 Аудио және видео ақпараттар мазмұнын түсіну
			1.3 Жағдаятты болжау
			1.4 Тыңдаушылардың назарын аудару.
			1.5 Қарым-қатынастағы жағдаяттарға байланысты сөздік нормаларды сақтау
			1.6 Берілген тақырыпқа әңгіме құрастыру
			1.7 Жаттау және айту
			1.8 Сахналау және драмалау
2	Оқылым		2.1 Оқу түрлерін қолдану
			2.2 Мәтіннің тақырыбын анықтау
			2.3 Шығармалардың түрін анықтау (әңгіме, ертегі, өлең)
			2.4 Сұрақтар мен жауаптарды құрастыру
			2.5 Мәтіннің мазмұнын айту

74. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттарын қолдану тиімділігіне сай кодтау енгізілген. Кодта бірінші сан сыныпты анықтайды, екінші және үшінші сандар-бөлім мен бөлімше, төртінші сан оқыту мақсатының белгіленуін көрсетеді. Мысалы, 2.2.1.4 кодында «2» – сынып, «2.1» – 2-бөлімнің 1-бөлімшесі,

«4» – оқыту мақсатының реттік саны.

75. Оқыту мақсатының жүйесі:

1) «Тыңдалым және айтылым»:

2-кесте

Бөлімшелер (дағды)	Оқыту мақсаттары		
	2 сынып	3 сынып	4 сынып
1.1 Сөздің негізгі бірліктерін қабылдау және жаңғырту	2.1.1.1 сөздер және буындар кешенін есте сақтау және анық айту	3.1.1.1 сөздер мен буынның дыбыстық құрылымын құрастыру және бұрмалаусыз оқу	4.1.1.1 грамматикалық және орфоэпиялық нормаларды сақтай отырып, тілдік біліктерді белсенді сөйлеу қызметінде пайдалану
1.2 Аудио және видео ақпараттар мазмұнын түсіну	2.1.2.1 қойылған мақсатқа сәйкес ақпаратты тыңдаған мәтіннен бөлу	3.1.2.1 ақпарат мазмұнына сай бағдарлану 3.1.2.2 ақпараттың мазмұнын беруге байланысты әртүрлі мазмұндауды қолдану (ерікті, жоспар бойынша, драмалау)	4.1.2.1 түрлі ақпаратты қабылдау, ақпараттың мазмұнына байланысты сұрақтар құрастыру, мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру 4.1.2.2 мазмұнды берілген түрде айту

1.3 Жағдаятты болжау		3.1.3.1 мәтіндегі суреттер арқылы жағдаятты әрі қарай болжау 3.1.3.2 тақырып және бастамасы бойынша жағдаятты әрі қарай болжау	4.1.3.1 шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері, сипаттамалары және оқиғалар арқылы жағдаятты әрі қарай болжау 4.1.3.2 өз таңдауын негіздеу
1.4 Қарым-қатынастағы жағдаяттарға байланысты сөздік нормаларды сақтау	2.1.4.1 түрлі жағдайларда өз тілектерін, өтініштерін құрастыра алады 2.1.4.2 диалогқа қатысу 2.1.4.3 сұрақтарға толық жауап беру	3.1.4.1 түрлі жағдайларда өз тілектерін, өтініштерін құрастыра алады 3.1.4.2 жағдайға байланысты сөйлеу этикетін қолдану 3.1.4.3 берілген тақырыпқа диалогқа қатысу, сұрақтар қою 3.1.4.4 диалог құру, әңгімелескен адамның көзқарасын бөлісу	4.1.4.1 жағдаяттың уақытына, шарттарына және мақсатына сай өз іс әрекеттерін реттеуге және жоспарлауға сөздік нормаларды қолдану
1.5 Тыңдаушылардың назарын аудару.	2.1.5.1 қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын және дауыс ырғағын тең қолдану	3.1.5.1 дауыс ырғағының негізгі элементтерін қолдану, ым-ишара, мимика, тыңдаушылардың назарын аудару («Сіздер қалай ойлайсыздар?» «Басқа ой бар ма?»)	4.1.5.1 өз хабарламаларын түсінікті құру, дауыс ырғағының негізгі элементтерін, ым-ишара қолдана отырып сөздерді серіктестерінің дұрыс түсінуіне назар аудару
1.6 Берілген тақырыпқа әңгіме құрастыру	2.1.6.1 мұғалімнің көмегімен суреттерге қарап, оқыған мәтінге ұқсас әңгіме құру	3.1.6.1 тақырыптағы тірек сөздер арқылы: Менің отбасым, балалар ойыны, сүйікті ойыншығым, мектептік үзілісте, менің досым берілген тақырыптарға ұжымдық әңгіме құрастыру 3.1.6.2 сюжетті суреттер және мұғалімнің сұрақтары бойынша шағын әңгіме құрастыру 3.1.6.3 бас кейіпкерді, оқығаны мұғалімнің сұрақтары бойынша	4.1.6.1 тірек жоспар және мәтін бөлімдерінің негізінде ұжымдық және өзіндік әңгіме құрастыру 4.1.6.2 жеке әсерлері, сюжетті суреттер бойынша, мұғалім оқыған мәтінге ұқсас әңгіме құрастыру

		сөзбен сипаттау әдісін қолдану	
1.7 Жаттау және айту	2.1.7.1 мұғалімнің даусымен өлеңдерді, жаңылтпаштарды жаттау 2.1.7.2 жаттаған өлеңдерді, жаңылтпаштарды айту 2.1.7.3 таныс ертегілерді суретті тірекке алып мазмұндау	3.1.7.1 мұғалімнің даусымен өлеңдерді, жаңылтпаштарды жаттау 3.1.7.2 жаттаған өлеңдерді, жаңылтпаштарды айту 3.1.7.3 таныс ертегі, оқиғаны мұғалімнің сұрақтары бойынша мазмұндау 3.1.7.4 ойында жаттаған өлеңдерді қолдану 3.1.7.5 өлеңдер мен жұмбақтарды айту	4.1.7.1 таныс өлеңдерді, жаңылтпаштарды айту; 4.1.7.2 ойында жаттаған өлеңдерді, жаңылтпаштарды қолдану 4.1.7.3 өлеңдер жаттау 4.1.7.4 мысалдар мен өлеңдерді мәнерлеп оқу 4.1.7.5 мерекелерде өлеңдер айтуға қатысу
1.8 Сахналау және драмалау	2.1.8.1 мұғалімнің көмегімен әдеби шығарманың кейіпкерін бейнелеу 2.1.8.2 адамның түрлі эмоциялық жағдайын көрсету 2.1.8.3 ертегілерді сахналауға қатысу	3.1.8.1 әдеби шығарманың кейіпкерін бейнелеу 3.1.8.2 адамның түрлі эмоциялық жағдайын көрсету 3.1.8.3 ертегілерді сахналауға қатысу	4.1.8.1 әдеби шығарманың кейіпкерін бейнелеу 4.1.8.2 адамның түрлі эмоциялық жағдайын көрсету 4.1.8.3 ертегілерді сахналауға қатысу

2) «ОҚЫЛЫМ»:

3-кесте

Бөлімшелер (дағды)	Оқыту мақсаттары		
	2 сынып	3 сынып	4 сынып
2.1 Оқу түрлерін қолдану	2.2.1.1 буындап оқуды жыл соңында бүтін сөздерді оқуға ауыстыру 2.2.1.2 дауыстап оқуды қолдану 2.2.1.3 тыныс белгілеріне сәйкес оқығанда интонацияны сақтау	3.2.1.1 бүтін сөздерді қолданып оқу, ал қиын сөздерді оқығанда – буындап оқуды қолдану. 2.2.1.2 дауыстап және «іштей» оқуды қолдану 3.2.1.3 тыныс белгілеріне сәйкес оқығанда интонацияны сақтау	4.2.1.1 оқу мақсатына сай оқудың қажетті түрін таңдау (таныстыру, таңдау, дауыстап, «іштей» оқу) 4.2.1.2 тыныс белгілеріне сәйкес оқығанда интонацияны сақтау
2.2 Мәтіннің тақырыбын анықтау	2.2.2.1 мәтіге берілген иллюстрация және аталуын тірекке ала	3.2.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбын және жетекші ойды анықтау	4.2.2.1 мәтіннің тақырыбын анықтау, мұғалімнің көмегімен жетекші ой

	отырып негізгі анықтау мәтіннің мазмұнын	3.2.2.2 мәтінді бөлімдерге бөліп және әр бөлімді мұғалімнің көмегімен атау 3.2.2.3 мәтінге берілген сурет арқылы мәтіннің жеке фрагменттерінің, сөздер және сөйлемдерінің байланысын орнату	қорытындыланған бөлімді немесе сөйлемді табу 4.2.2.2 бөлімдердің аталуына сәйкес мәтіндерді бөлімдерге бөлу 4.2.2.3 мәтінді бөлімдерге бөліп және әр бөлімді мұғалімнің көмегімен атау 4.2.2.4 басты кейіпкерлерді анықтап, оларды бағалау 4.2.2.5 кейіпкерлерді, оқиғаларды, табиғатты суреттейтін сөздер, сөйлемдерді мәтіннен таңдап алу 4.2.2.6 шығарманың негізгі ойын, оқиғаның себеп-салдарын түсіну
2.3 Шығармалардың түрін анықтау (әңгіме, ертегі, өлең)	2.2.3.1 тақпақ түрінде және әңгімелеу шығармаларын ажырату	3.2.3.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың түрін анықтау	4.2.3.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың түрін анықтау және өз таңдауын дәлелдеу
2.4 Сұрақтар мен жауаптарды құрастыру	2.2.4.1 әрекет бойынша қарапайым анықтаушы сұрақтарды құрастыру 2.2.4.2 мәтінге берілген суреттерді тірекке алып оқылған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру 2.2.4.3 қойылған сұрақтарға жауап беру үшін мәтіннен сөйлемдер табу	3.2.4.1 оқылған мазмұн бойынша қарапайым анықтаушы, дәлелдеуді қажет ететін сұрақтарды құрастыру 3.2.4.2 оқығанның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	4.2.4.1 оқылған мазмұн бойынша қарапайым анықтаушы, дәлелдеуді қажет ететін сұрақтарды құрастыру 4.2.4.2 оқыған мәтінге қойылған сұрақтарға толық жауап беру
2.5 Мәтіннің мазмұнын айту	2.2.5.1 мұғалімнің сұрақтары бойынша мәтіннің мазмұнын айту	3.2.5.1 мұғалімнің сұрақтары бойынша суреттерге сүйене отырып мәтінді айту	4.2.5.1 қысқа, толық, оқиғалар тізбегін сақтай отырып мәтіннің мазмұнын айту

76. Ұзақ мерзімді жоспарды осы санаттағы білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ортақ тақырыптарға сәйкес оқыту

мақсаттарын тоқсан бойынша бөлу арқылы мұғалімнің өзі анықтайды. Бұл ретте жалпы білім беру оқу бағдарламаларында ұсынылған ортақ тақырыптар пайдаланылады.